

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ
«ХАЛЫҚ» ЖҚ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»
ЧФ «Халық»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
«Halyk» Private Foundation

PUBLISHED SINCE 1944

4 (404)

JULY-AUGUST 2023

ALMATY, NAS RK

В 2016 году для развития и улучшения качества жизни казахстанцев был создан частный Благотворительный фонд «Халык». За годы своей деятельности на реализацию благотворительных проектов в областях образования и науки, социальной защиты, культуры, здравоохранения и спорта, Фонд выделил более 45 миллиардов тенге.

Особое внимание Благотворительный фонд «Халык» уделяет образовательным программам, считая это направление одним из ключевых в своей деятельности. Оказывая поддержку отечественному образованию, Фонд вносит свой посильный вклад в развитие качественного образования в Казахстане. Тем самым способствуя росту числа людей, способных менять жизнь в стране к лучшему – профессионалов в различных сферах, потенциальных лидеров и «великих умов». Одной из значимых инициатив фонда «Халык» в образовательной сфере стал проект *Ozgeris powered by Halyk Fund* – первый в стране бизнес-инкубатор для учащихся 9-11 классов, который помогает развивать необходимые в современном мире предпринимательские навыки. Так, на содействие малому бизнесу школьников было выделено более 200 грантов. Для поддержки талантливых и мотивированных детей Фонд неоднократно выделял гранты на обучение в Международной школе «Мирас» и в *Astana IT University*, а также помог казахстанским школьникам принять участие в престижном конкурсе «*USTEM Robotics*» в США. Авторские работы в рамках проекта «Тәлімгер», которому Фонд оказал поддержку, легли в основу учебной программы, учебников и учебно-методических книг по предмету «Основы предпринимательства и бизнеса», преподаваемого в 10-11 классах казахстанских школ и колледжей.

Помимо помощи школьникам, учащимся колледжей и студентам Фонд считает важным внести свой вклад в повышение квалификации педагогов, совершенствование их знаний и навыков, поскольку именно они являются проводниками знаний будущих поколений казахстанцев. При поддержке Фонда «Халык» в южной столице был организован ежегодный городской конкурс педагогов «*Almaty Digital Ustaz*».

Важной инициативой стал реализуемый проект по обучению основам финансовой грамотности преподавателей из восьми областей Казахстана, что должно оказать существенное влияние на воспитание финансовой грамотности и предпринимательского мышления у нового поколения граждан страны.

Необходимую помощь Фонд «Халык» оказывает и тем, кто особенно остро в ней нуждается. В рамках социальной защиты населения активно проводится работа по поддержке детей, оставшихся без родителей, детей и взрослых из социально уязвимых слоев населения, людей с ограниченными

возможностями, а также обеспечению нуждающихся социальным жильем, строительству социально важных объектов, таких как детские сады, детские площадки и физкультурно-оздоровительные комплексы.

В копилку добрых дел Фонда «Халык» можно добавить оказание помощи детскому спорту, куда относится поддержка в развитии детского футбола и карате в нашей стране. Жизненно важную помощь Благотворительный фонд «Халык» оказал нашим соотечественникам во время недавней пандемии COVID-19. Тогда, в разгар тяжелой борьбы с коронавирусной инфекцией Фонд выделил свыше 11 миллиардов тенге на приобретение необходимого медицинского оборудования и дорогостоящих медицинских препаратов, автомобилей скорой медицинской помощи и средств защиты, адресную материальную помощь социально уязвимым слоям населения и денежные выплаты медицинским работникам.

В 2023 году наряду с другими проектами, нацеленными на повышение благосостояния казахстанских граждан Фонд решил уделить особое внимание науке, поскольку она является частью общественной культуры, а уровень ее развития определяет уровень развития государства.

Поддержка Фондом выпуска журналов Национальной Академии наук Республики Казахстан, которые входят в международные фонды Scopus и Wos и в которых публикуются статьи отечественных ученых, докторантов и магистрантов, а также научных сотрудников высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов нашей страны является не менее значимым вкладом Фонда в развитие казахстанского общества.

С уважением, Благотворительный Фонд «Халык»!

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2023

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2023

ПЕДАГОГИКА – ПЕДАГОГИКА – PEDAGOGY

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991–3494
Volume 4. Number 404 (2023), 7-25
<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.531>

UDC 51(071.1/2)-732.1

© **A.E. Abylkassymova***, **B.R. Kaskataeva**, **Y.A. Tuyakov**, **A.A. Bazhi**,
A.N. Umiralkhanov, 2023

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: aabylkassymova@mail.ru

ON THE PROBLEM OF CONTINUITY OF TEACHING MATHEMATICS IN SCHOOL AND PEDAGOGICAL UNIVERSITY OF KAZAKHSTAN

Abylkassymova Alma Esimbekovna — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the Russian academy of education, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
E-mail: aabylkassymova@mail.ru. ORCID: 0000-0003-1845-7984;

Kaskataeva Bakhytkul Rakhymzhanovna — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
E-mail: kaskataeva@yandex.kz;

Tuyakov Yessenkeldy Alybaevich — Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
E-mail: t.esen.a@mail.ru. ORCID: 0000-0002-4682-6778;

Bazhi Akaru Ahankyzy — PhD student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
E-mail: akarubazhi@bk.ru. ORCID: 0000-0003-0060-0092;

Umiralkhanov Azizkhan Nazimkhanuly — PhD student, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
E-mail: azik75292@gmail.com.

Abstract. The article analyzes scientific approaches to the study of the problem of the continuity of teaching mathematics at school and pedagogical university; definitions of the concept of "continuity" are given; the reasons for the violation of the continuity of teaching mathematics and the conditions for its implementation between the school and the pedagogical university were identified; a methodology has been developed for implementing the continuity of teaching mathematics, which contribute to improving the quality of interaction between school and university mathematical education. The effectiveness of our methodology for teaching mathematics has been experimentally confirmed in secondary schools in Almaty.

Keywords: school, pedagogical university, continuity of teaching mathematics, methodology, research, quality

© **А.Е. Әбілқасымова***, **Б.Р. Қасқатаева**, **Е.А. Тұяқов**, **А.А. Баж**,
А.Н. Умиралханов, 2023

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан.
E-mail: aabylkassymova@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕП ПЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әбілқасымова Алма Есімбекқызы — педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: aabylkassymova@mail.ru. ORCID: 0000-0003-1845-7984;

Қасқатаева Бақыткүл Рахымжанқызы — педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: kaskataeva@yandex.kz;

Тұяқов Есенкелді Алыбайұлы — педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: t.esen.a@mail.ru. ORCID: 0000-0002-4682-6778;

Баж Ақару Аханқызы — PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: akarubazhi@bk.ru. ORCID: 0000-0003-0060-0092;

Умиралханов Азизхан Нажимханұлы — PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: azik75292@gmail.com.

Аннотация. Бұл мақалада жалпы білім беретін мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастық мәселесін зерттеудің ғылыми тәсілдері талданған, «Сабақтастық» ұғымының мәні мен анықтамалары берілген, мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығын жүзеге асыру шарттары мен бұзылу себептері айқындалған, мектеп пен жоғары оқу орындарындағы математикалық білім берудің сапасын арттыруға ықпал ететін математиканы оқытудың сабақтастығын жүзеге асыру әдістемесі жасалған. Ұсынылған математиканы оқыту әдістемесінің тиімділігі Алматы қаласының жалпы білім беретін мектептерінде оқу процесіне енгізіліп, эксперимент жүзінде дәлелденді.

Түйін сөздер: мектеп, педагогикалық жоғары оқу орны, математиканы оқытудың сабақтастығы, әдістеме, зерттеу, сапа

Зерттеу жұмысына Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қолдау көрсетті (Грант № AP19680007; А.Е. Абылқасымова).

© А.Н. Абылкасымова*, Б.Р. Каскатаева, Е.А. Туяков, А.А. Бажи, А.Н. Умиралханов, 2023

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан.

E-mail: aabylkassymova@mail.ru

О ПРОБЛЕМЕ ПРЕЕМСТВЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ В ШКОЛЕ И ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ВУЗЕ КАЗАХСТАНА

Абылкасымова Алма Есимбековна — доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: aabylkassymova@mail.ru. ORCID: 0000-0003-1845-7984;

Каскатаева Бахыткул Рахымжановна — доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: kaskataeva@yandex.kz;

Туяков Есенкельды Алыбаевич — кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: t.esen.a@mail.ru. ORCID: 0000-0002-4682-6778;

Бажи Акару Аханкызы — PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: akarubazhi@bk.ru. ORCID: 0000-0003-0060-0092;

Умиралханов Азизхан Назимханович — PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

E-mail: azik75292@gmail.com.

Аннотация. В статье проведен анализ научных подходов к исследованию проблемы преемственности обучения математике в школе и педагогическом вузе; даны определения понятия «преемственность»; выявлены причины нарушения преемственности обучения математике и условия ее реализации между школой и педагогическим вузом; разработана методика реализации преемственности обучения математике, которые способствуют повышению качества взаимодействия школьного и вузовского математического образования. Эффективность разработанной нами методики обучения математике экспериментально подтверждена в общеобразовательных школах г. Алматы.

Ключевые слова: школа, педагогический вуз, преемственность обучения математике, методика, исследование, качество

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы заманауи білім беру жүйесінің негізгі міндеті — барлық білім алушыларға білім беру процесінде сапалы педагогикалық қызмет көрсету болып табылады. Бұл мәселенің шешімі барлық білім беру деңгейлері, оның ішінде жалпы орта білім беру мен жоғары педагогикалық білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі. Жалпы білім беретін мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығының өзектілігі келесі мәселелерді шешумен:

- мектеп оқушыларының педагогикалық жоғары оқу орындарына түсіп студент болуы процесінде математиканы оқытудың сабақтастығы мәселесін теориялық тұрғыда негіздеу қажеттілігімен және осы мәселелердің білім беру теориясында жеткіліксіз деңгейде зерттелуімен;

- мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындары арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етудің шынайы қажеттілігімен және математика курсының оқытудың мазмұны, әдістері, формалары, тәсілдері мен құралдары бойынша әдістемелік және практикалық байланыстардың жеткіліксіздігімен анықталады.

Жұмыстың мақсаты — білім беру жүйесіндегі қазіргі заманғы үрдістерді ескере отырып, мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығын қамтамасыз етудің әдістері мен формаларын одан әрі жаңғырту болып табылады.

Зерттеу әдістері — зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерді, сондай-ақ мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған математикадан оқулықтар мен оқу құралдарын зерделеу және теориялық талдау, алдыңғы қатарлы педагогикалық іс-тәжірибелерді талдау және жалпылау.

Әдебиеттерге шолу. Білім беру жүйесінде оқытудың сабақтастығы мәселесі барлық білім беру деңгейлерінде (балабақша — бастауыш мектеп, бастауыш мектеп – негізгі орта мектеп, негізгі орта мектеп -жалпы орта мектеп, жалпы орта мектеп – жоғары оқу орны) өзекті болып табылады.

Педагогикалық сөздікте сабақтастық «оқушылардың даму процесі», педагогикалық энциклопедияда «оқу пәнін әртүрлі оқу сатыларында оқыту барысында оның бөліктері арасында қажетті байланыс пен дұрыс қатынасты орнату», ал философиялық сөздікте «дамудың әртүрлі кезеңдері арасындағы байланыс» ретінде тұжырымдалған.

Дәстүрлі білім беруде сабақтастық мәселелері бойынша әдіснамалық, педагогикалық және әдістемелік тұрғыда әртүрлі көзқарастар қалыптасқан.

Сабақтастық мәселелерін әдіснамалық тұрғыда А.Г. Мороз (1972), Ю.А. Кустов (1982), А.В. Батаршев (1996), Г.В. Воителева (1999), Л.В. Воронина (1999), Н.Б. Истомина (2003) және т.б. ғалымдар қарастырған.

Математиканы оқытудың сабақтастық мәселелері М.Н. Скаткин (1980), С.М. Годник (1981), Г.В. Дорофеев (1998) зерттеу жұмыстарында жалпы педагогикалық тұрғыда шешімін тапқан.

Жалпы педагогикалық тұрғыдан қарағанда оқытудағы сабақтастық, білім беру деңгейлері арасындағы байланысты қамтамасыз ету, алдыңғы білім беру деңгейінде игерген білімдерін кеңейту және тереңдету болып табылады. Осы мақсатта оқытудағы сабақтастықты алдыңғы білім беру деңгейіндегі оқытудың мазмұны, формалары мен әдістері негізінде жаңа білім беру деңгейінде барлық оқу процесін дамыту ретінде түсіндіріледі.

Әдіснамалық тұрғыдан қарағанда оқытудағы сабақтастық оқушының қабілеті мен біліктерін дамытудың және дағдыларын меңгертудің сипаттамасы болып табылады. Оқытудағы сабақтастықты дамыту ұғымын әдіснамалық

тұрғыдан қарастыру бұл біртұтас үздіксіз процесс екенін көрсетеді. Оның қозғаушы күші оқу процесіндегі үзілістерден туындайтын қайшылықтарды шешу болып табылады.

А.М. Пышкало (1978) математиканы оқытудың сабақтастығының мазмұндық аспектілерін қарастырған. Оның пікірінше, оқушыларды оқытудың әдістемелік жүйесінде сабақтастық принципін қолдану міндетті екенін айтады.

С.М. Годник (1990) мектеп пен жоғары оқу орындарында білім берудің сабақтастығының психологиялық-педагогикалық мәнін зерттеген. Ол «орта мектеп пен жоғары мектептің сабақтастығын жоғары мектептің арнайы міндеттері мен орта мектептегі жалпы білім беру арасындағы қайшылықты шешудің принципі, процесі және тәсілі ретінде қарастыруға болады», - деп тұжырымдайды.

Г.В. Дорофеев (1998) мектептегі оқу-тәрбиелеу процесінің мазмұнының сабақтастығы мәселесін ғана қарастырған.

Р.М. Зайниев (2012) математиканы оқытудың сабақтастығын «математикалық пәндер, олардың жеке оқу бөлімдері мен тақырыптары арасындағы үзіліссіз байланысын тұрақты қамтамасыз етілуін» талап ететін дидактикалық принцип деп түсінеді.

Л.Н. Оразбекова (2015) Қазақстанның орта мектептерінде 12-жылдық білім беру жағдайында бейінді мектеп пен жоғары оқу орындарының сабақтастығы мәселесін қарастырған.

Ю. Ботузова (2020) сабақтастықты орта мектеп оқушыларының жоғары оқу орындарына түсуі кезінде математиканы оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету мәселесі ретінде зерттеген.

А.Г. Мордкович (1986), Г.Л. Луканкин (1989), А.Е. Әбілқасымова (2017) және т.б. ғалым-әдіскерлердің еңбектерінде орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математикалық пәндерді оқытудың сабақтастығының жекелеген аспектілері көрініс тапқан.

Білім беру жүйесінде оқытудың сабақтастығы мәселелерімен Еуропа елдерінің көптеген ғалымдары да белсенді түрде айналысқан. Олардың ішінде М. Didovik (2007), Briggs R.J., Clark J. & Hall I. (2012), Passey Don (2019) еңбектерін атауға болады.

Сабақтастық ұғымы әрбір білім беру деңгейінде білім алушылардың білімі мен дағдыларына қойылатын талаптарды қамтиды.

Оқытудағы сабақтастық – оқу пәнін білім беру деңгейлерінде оқыту барысында оның бөліктері арасында қажетті байланыс пен дұрыс қатынасты орнату.

Сабақтастық білім беру мазмұнына, оқыту формаларына, әдістеріне, педагогикалық процеске қатысушылардың өзара іс-әрекетінің әртүрлі стратегияларына, білім алушылардың жеке басының өзгеруіне әсер етеді.

Сабақтастық оқу процесінің әртүрлі кезеңдерінің қатаң реттелген жүйесін (иерархиясын) біртұтас оқу процесіне жүйелеуге және құруға ықпал етеді.

Сонымен, «сабақтастық» ұғымын анықтаудағы жүргізілген талдаулар

негізінде мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығын «білім алушылардың тұлғасын дамыту үшін орта мектепте игерген білімдерін педагогикалық жоғары оқу орындарында жоғары математика курсына оқу барысында мақсатты және жүйелі пайдалануды, оқыту мазмұны, формалары мен құралдарының өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін оқыту принципі» деп түсінеміз.

Материалдар және әдістер

А.Е. Әбілқасымова (2016): «Соңғы жылдары орта мектеп түлектерінің, педагогикалық жоғары оқу орындарының математика мамандығының түлектерінің де математикадан дайындық деңгейінің төмендеуі байқалады. Болашақ математика мұғалімдерінің математикалық білім деңгейі ерекше алаңдатады, өйткені мектеп оқушыларының білім сапасы педагогикалық жоғары оқу орындарында мұғалімдерді дайындау сапасына байланысты, яғни математикалық білім берудің болашағына әсер етеді», - деп тұжырымдайды.

Қазақстандағы мектеп пен жоғары оқу орындарында білім берудің сабақтастығы мәселесін шешудегі тұжырымдамалық міндеттер келесідей:

1) бейінді оқыту бағытына сәйкес білім беру салаларының мазмұнын анықтау және орта білім беру ұйымдары мен жоғары оқу орындарындағы оқыту мазмұны, әдістері мен ұйымдастыру формаларының өзара байланысын қамтамасыз ету;

2) орта білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары және оқулықтары мазмұнымен сәйкестендіру;

3) оқушылардың математикалық білім деңгейін, олардың жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыруға дайындық дәрежесін бақылауды қамтамасыз ету;

4) жалпы орта білім беру ұйымдарының жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығының әртүрлі формаларын (ЖОО мектеппен байланысы, педагогикалық практика, бірлескен конференциялар мен семинарлар, ғылыми-зерттеушілік жұмыстары және т.б.) қолдану.

Жоғарыда аталған міндеттердің барлығы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының оқытушыларымен жүйелі түрде қарастырылып, шешімін тапты. Педагогикалық жоғары оқу орындары үшін орта білім мен жоғары білім беру арасындағы сабақтастық мәселесі әрдайым өзекті болып табылады және ол ең бастысы осы кафедраның Қазақстанның барлық типті мектептері үшін математика мұғалімдерін дайындауымен негізделеді.

Көптеген мектеп түлектерінің математикадан дайындық деңгейі төмен, сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарында барлық бірінші курс студенттерінің жоғары деңгейлі математикалық білімін қамтамасыз ету міндеті қойылады.

Алдыңғы жүргізілген зерттеулерімізде болашақ математика мұғалімдерін

дайындау сапасының төмендеуіне әсер еткен сабақтастықтың бұзылуының себептері айқындалды:

- математика пәні бойынша мектеп және жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасы арасындағы айырмашылық;

- мектептерде әртүрлі «баламалы» оқу бағдарламалары мен оқулықтар бойынша білім алып, педагогикалық жоғары оқу орындарына түскен мектеп түлектердің математикалық дайындық деңгейлерінің әртүрлілігі;

- педагогикалық жоғары оқу орындарының төменгі курсқа арналған оқу жоспарларының жетілдірілмегендігі, олар студенттердің математикалық біліміндегі олқылықтарды дер кезінде жоюға мүмкіндік бермеуі;

- педагогикалық жоғары оқу орындарының жоғары деңгейлі дайындығы бар түлектерінің мектептерге жұмысқа орналасу пайызының төмендігі және соның салдарынан жас мұғалімдердің біліктілігінің жеткіліксіздігі;

- педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларындағы әдістемелік пәндердің аз болуы және дәстүрлі оқыту тәсілдеріне нұқсан келтіретін интерактивті оқыту әдістерінің ролін күшейтумен байланысты әдістемелік дайындықтың жеткіліксіздігі.

Математиканы оқытудағы жоғарыда аталған кемшіліктерді жою үшін педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттер 1-курстан бастап мектептің математикадан оқу бағдарламасына сәйкес «Математикадан есептерді шешу практикумы», Математиканы оқыту әдістемесі», «Математиканы оқытудың жаңа технологиялары» және т.б. әдістемелік пәндер арқылы кәсіби дайындықтан өтеді. Игерген жаңа теориялық білімдерін мектептерде педагогикалық практикадан өту барысында қолданып, бекітеді.

Педагогикалық жоғары оқу орындарын бітіріп, мұғалім біліктілігін алған түлектер мектепке жұмысқа орналаспас бұрын ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптарына сәйкес арнайы ұлттық біліктілік тестілеуден өтеді. Осы ұлттық біліктілік тестілеуден сәтті өткен түлектер ғана мектептерде мұғалім болып жұмысқа қабылдана алады.

«Сабақтастық» ұғымының анықтамаларынан білім берудегі сабақтастықтың компоненттерін келесідей тұжырымдаймыз:

- 1) мақсат қоюдағы сабақтастық;
- 2) білім беру мазмұнындағы сабақтастық;
- 3) оқыту әдістері, формалары, тәсілдері мен құралдарындағы сабақтастық;
- 4) білім алушының жеке басының қалыптасуындағы сабақтастық.

Сабақтастықтың компоненттеріне жекелей сипаттама берейік.

Мақсат қоюдағы сабақтастық – жеке тұлғаның қалыптасуы мен даму деңгейлеріндегі оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерінің келісімділігі.

Білім беру мазмұнындағы сабақтастық – білім мазмұнының өзара байланысын қамтамасыз ету. Қазіргі жағдайда орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқыту бойынша білім беру бағдарламалары бір-бірімен үйлеспейді. Осыған қарамастан, біздің кафедраның

оқытушылары орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың мазмұнының сабақтастығын сақтау мен қамтамасыз етуде елеулі жұмыстар атқарды.

Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің құрылымы «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_). Болон (2010) декларациясына қол қойылғаннан кейін Қазақстанда жоғары білім берудің үш деңгейлі жүйесі: «бакалавр – магистратура – PhD доктор» жүзеге асуда. Бұл жүйе «Білім туралы» Заңында келесідей құқықтық күшіне енді:

а) жоғары базалық білім (бакалавриат бағдарламасы) – оқу ұзақтығы 4 жыл;
ә) жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура) – бейіндік магистратура – оқу ұзақтығы 1 жыл, ғылыми-педагогикалық магистратура – оқу ұзақтығы 2 жыл;

б) PhD философия докторы, бейіні бойынша докторды даярлау бағдарламасы – магистратурадан кейінгі жоғары білім (докторантура) - оқу ұзақтығы 3 жыл.

Болон декларациясы бойынша кредиттік технологиямен оқытуды енгізу Еуропа елдерінде және Қазақстанда қолданылатын білім беру бағдарламаларының танылуын қамтамасыз етеді.

Кредиттік оқыту технологиясын енгізу — халықаралық деңгейде ұлттық білім беру бағдарламаларын танытуға, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуге, білім беру сапасын арттыруға, жоғары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлерінде сабақтастықты қамтамасыз етуге үлесін қосады.

Қазақстанның жоғары оқу орындары студенттерді жалпы орта білім беру немесе кәсіптік орта білім беру деңгейлерінде алған білімдері мен дағдылары негізінде ұлттық бірыңғай тестілеуден өту нәтижелері бойынша қабылдайды. Білім беру бағдарламалары осы игерген білім, білік пен дағдыларға арналған, сондықтан жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығы шынайы қажетті болып табылады.

«Орта мектеп — жоғары оқу орны» жүйесіндегі сабақтастықты келесідей байланыстар арқылы көрсетуге болады:

- математика – жоғары математика;
- математика – қолданбалы және есептеуіш математика;
- математика – информатика;
- математика – сызба геометрия.

«Орта мектеп — педагогикалық жоғары оқу орны» жүйесіндегі «математика – жоғары математика» байланысымен көрсетілген сабақтастықты қарастырайық.

Мектептің математика курсының «Дифференциалдау және интегралдау элементтері», «Комбинаторика және математикалық статистика элементтері», «Аналитикалық геометрия элементтері» бөлімдерінен басқасы жоғары оқу орнының математика курсына толығымен қайталанып оқытылмайды. Мектеп математика курсы бойынша білімдер терең әрі берік болуы керек, өйткені олар жоғары математика курсына оқуда қолданылады.

Жалпы орта білім беру мен жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары мен білім беру бағдарламаларының сабақтастығы мәселесін зерделеу мен шешу мақсатында педагогикалық жоғары оқу орнының «Математикалық анализ» курсының білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнына сүйеніп, жоғары сыныптарға арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәнінің оқу бағдарламасына талдаулар жасалды.

Мысал ретінде, педагогикалық жоғары оқу орындарында оқытылатын 10–11 сыныптарға арналған «Алгебра және анализ бастамалары» оқу пәні бөлімдерінің базалық мазмұнын келтірейік (Alma E. Abylkassymova, 2018, 2021, 2023).

10-сыныпта: Комбинаторика элементтері және олардың оқиғаның ықтималдығын табуда қолданылуы. Функцияның шегі және үзіліссіздігі. Туынды. Туындының қолданылуы. Кездейсоқ шамалар және олардың сандық сипаттамалары.

11-сыныпта: Алғашқы функция және интеграл. Математикалық статистика элементтері. Комплекс сандар. Дифференциалдық теңдеулер.

Педагогикалық жоғары оқу орнындағы «Математикалық анализ» курсының білім беру бағдарламасының мазмұны келесідей тақырыптардан тұрады.

Кіріспе. Математикалық анализ пәні. Жиын. Сандық тізбектер. Функцияның шегі. Функцияның үзіліссіздігі. Бір айнымалысы бар функцияның дифференциалдық есептеуі. Дифференциалданатын функциялар туралы негізгі теоремалар. Функцияны зерттеу және графигін салу. Алғашқы функция және анықталмаған интеграл. Анықталған интеграл. Меншіксіз интегралдар. Бірнеше айнымалысы бар функциялар. Қатарлар теориясы. Сандық қатарлар. Функционалдық қатарлар. Еселі интегралдар. Барлығы: 180 сағат.

Орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығын жүзеге асыру үшін Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде «Математикалық анализ» және «Аналитикалық геометрия» курстарының бөлімдері математиканы оқыту әдістемесінің талаптарына сәйкес үздіксіздік және пәнаралық байланыстар принципі негізінде оқытылады.

Мысалы, функцияның туындысына байланысты сұрақтарды қайталау барысында туындының геометриялық және механикалық мағынасынан басқа мағыналарын, яғни ұғымды практикалық мазмұнды есептермен көрсетіп, функцияның иілгіштігін анықтауды берген жөн.

Сонымен қатар, айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген теңдеулер мен теңсіздіктерге, санның абсолют шамасының геометриялық мағынасына назар аудару қажет. Содан кейін олар функцияның шегін, үзіліссіздігін, туындысын және ықтималдықтар теориясын түсіндіруде қолданылады.

Адам мен қоғам өміріндегі математиканың маңыздылығы туралы идеяларды қалыптастыру үшін мектеп курсының вариативті бөлігінде оқушыларды математикалық модельдеу негіздерімен, қарапайым экономикалық және математикалық модельдермен және сәйкесінше оларды зерттеуге қажетті математикалық аппаратпен таныстырған жөн. Мәселен, тәжірибемен

дәлелденген және қолдануға оңай сызықтық теңдеулермен және олардың жүйелерімен байланысты бөлімдерді терең оқуды және қайталауды қамтитын, сызықтық бағдарламалау әдістерімен шешілетін - оңтайландыру есептері.

Түзудің теңдеуін қайталау кезінде біз оқушыларды қарапайым екі белгісізді сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешудің графикалық әдістерімен таныстыруды ұсынамыз: шешімдерін (көпбұрыш), осы көпбұрыштағы сызықтық функцияның максимумын немесе минимумын табу. Бұл материал болашақта жоғары оқу орындарында симплексті әдісті үйренуге негіз болады.

Экономикадағы математикалық модельдеу жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптардағы математиканы оқыту курсының негізгі тақырыптарының бірі екені белгілі. Бұл кез-келген (педагогикалық, техникалық, экономикалық) университетте математиканы оқуға сабақтастық байланыстарды сақтай отырып көшуге мүмкіндік береді.

Біз атқарған жұмыстың нәтижесінде орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындары арасындағы математиканы оқытудың сабақтастығын іске асырудың мынадай негізгі шарттары анықталды:

а) педагогикалық жоғары оқу орындарында математикалық білім берудің мазмұны оның бөлімдерімен және әдістемелік пәндерді оқытумен өзара байланыста үздіксіздік принциппен (қағидат) оқытылуға тиіс;

ә) жалпы білім беретін мектептердің математика мұғалімдері оқушылардың жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыруға дайындығын мақсатты түрде күшейтіп, орта білім беру ұйымының педагогикалық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығының бірнеше түрлерін пайдалана отырып, мектеп пен жоғары оқу орнының математикалық білімі беру арасындағы сабақтастықты іске асыруы тиіс;

б) «Алгебра және анализ бастамасы» курсына оқушылардың назарын «Дифференциалдық және интегралдық есептеу» ұғымдарының, ал геометрия курсына «Аналитикалық геометрия» ұғымдарының толық берілмегендігіне назар аудару қажет;

в) элективті курста математика бойынша бұрын алған білімдерін нақтылап, жүйелеу керек;

г) педагогикалық жоғары оқу орындарында екінші ретті қисықтар мен координаталар әдісін оқыту кезінде мектепте қарастырылған ұғымдардың шектеулілігін көрсететін мәселе қою керек;

д) таңдау курсы студенттердің «Аналитикалық геометрия» бойынша білімі тереңдеуіне және «Математикалық анализ» бен «Аналитикалық геометрия» арасындағы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға ықпал етеді.

Оқыту әдістері, формалары мен құралдарындағы сабақтастық — бұл оқыту мен тәрбиелеу формалары, әдістері мен құралдарының үйлесімділігі; сондай-ақ жаңа әдістемелер, технологиялар әзірлеу; жалпы тәсілдерді әзірлеу және оның барлық деңгейлерінде білім беру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтау. Жалпы орта білім берудің мақсаттары мен құндылықтарына жаңа көзқарас, оның мазмұнының мектептің жоғары

сатысында вариативтігін күшейту оқытудың жаңа ұйымдастыру формаларын, әдістері мен құралдарының қалыптасуына әкелді. Осылайша, орта мектеп пен жоғары оқу орындарының сабақтастығының әртүрлі аспектілері мен компоненттерін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Мектептің жоғары сыныптарында және педагогикалық жоғары оқу орындарының төменгі курстарында математиканы оқытудың сабақтастығы оқыту әдістері мен формаларын таңдаудың ұтымдылығында, оқу процесінде ең тиімді дидактикалық әдістерді анықтауда байқалады. Бұл сабақтастықты жүзеге асыру барлық білім беру деңгейлерінде жақсы нәтижелер мен тиімділік көрсеткен әдістерді, оқу жұмысының әдістерін сақтауды және жетілдіруді, сондай-ақ оқушылардың заманауи талаптары мен психологиялық ерекшеліктеріне жауап беретін жаңа әдістерді қолдануды көздейді.

Математика сабақтарындағы мұғалімдер негізінен келесі дәстүрлі және инновациялық әдістерді қолданады: проблемалық, сұхбаттық, ізденушілік, зерттеу, салыстыру, бақылау, пікірталас, дизайн және басқа әдістер. Оқыту формалары — ұжымдық, жеке, фронтальды, топтық.

Білім алушының жеке басының қалыптасуындағы сабақтастық.

Жеке тұлғаның қалыптасуындағы сабақтастықты қамтамасыз етуге бүкіл мектеп үшін бірыңғай білім беру бағдарламалары көмектеседі. Сынып жетекшісі сабақтастықты жүзеге асыруда үлкен рөл атқарады. Сондықтан 10–11 сыныптарда сынып жетекшісін тағайындау кезінде мектеп әкімшілігі мүмкіндігінше сынып жетекшісін оның көшбасшылық стиліне және жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынас жасау қабілетіне сәйкес таңдауға тырысады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарының үшінші және төртінші курс студенттері Алматы қаласының мектептерінде біздің кафедра оқытушыларының жетекшілігімен педагогикалық практикадан өтеді. Бұл оқу жылындағы оқу процесінің ұйымдастырушылық және педагогикалық үйлесімділігі мәселелерін шешуге жағдай жасайды. Педагогикалық практика кезінде оқытушылар студенттердің жеке басының даму динамикасын, олардың оқуға деген көзқарасының өзгеруін байқайды.

Біздің оқытушылар мектеп мұғалімдерімен бірлесіп бірыңғай әдістемелік күндер өткізеді. Онда мұғалімдер өз әріптестерінің жұмыс стилімен нақты танысады; педагогикалық практикада жүрген студенттермен оқыту мен тәрбиелеудің нақты мәселелері талқыланатын педагогикалық кеңес жүргізіледі; бірлескен конференциялар мен семинарлар; ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізеді.

Мектеп пен жоғары оқу орындарының оқыту мен тәрбиелеу процесінің тиімді өзара іс-әрекеті нәтижесінде мектептен педагогикалық жоғары оқу орнына түскен түлектер ерекше қиындықтарға кездеспейді және ЖОО-да оқу жұмысына белсенді қатысады.

Біздің «Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрада білім беру мазмұнының деңгейінде ғана емес, сонымен қатар

дидактикалық, психологиялық және әдістемелік деңгейлерде сабақтастық қалыптасқан. Себебі, кафедра республиканың педагогикалық жоғары оқу орындары үшін математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі бойынша әдістемелік орталық болып табылады.

Бүгінгі таңда 5–6 сыныптарға арналған «Математика», 7–9 сыныптарға арналған «Алгебра» және 10–11 сыныптарға арналған «Алгебра және анализ бастамасы» оқулықтарының авторы профессор А.Е. Әбілқасымова, ал 7–11 сыныптарға арналған «Геометрия» оқулықтарының авторы доцент Е.А. Тұяқов. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының оқулықтары мен жоғары математика бойынша оқу құралдарының авторлары да біздің кафедраның оқытушылары болып табылады.

Мектеп пен жоғары оқу орындарының сабақтастығын қамтамасыз ету кезінде қорытынды аттестаттау және түлектерді даярлау сапасын бақылаудың объективтілігі маңызды.

Қазіргі уақытта Қазақстан мектептерінің түлектерін дайындау деңгейі емтихандар мен ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) көмегімен бағаланады. Математикадан ҰБТ қиындығы 3 деңгейдегі тапсырмалардан тұрады — бірінші деңгей (қарапайым тапсырмалар) — 36 %; Екінші деңгей (күрделілігі орташа) — 40 %; үшінші деңгей (күрделірек) — 24 %. Тестілеу сұрақтарына жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты негізінде әзірленген математика бойынша оқу материалдары енгізіледі.

2023 жылдың сәуір айында біздің кафедра «Цифрлық білім беру жағдайында мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математика мен физиканы оқытудың сабақтастық мәселелері» тақырыбында республикалық семинарын өткізді. Семинарда мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарындағы математика және физика бойынша білім беру бағдарламаларының мазмұнындағы сабақтастық, цифрлық білім беру ортасында мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математика мен физиканы оқытудың теориясы мен әдістемесін жетілдіру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, семинар жұмысында мектеп мұғалімдері мен педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушылары оқу бағдарламасы мазмұнындағы сабақтастықты сақтай отырып, оқу процесін ұйымдастырудың заманауи технологияларымен, әдістерімен, формаларымен және әдістерімен танысты; жоғары сынып мұғалімдері мен педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларына назар аудару қажет мәселелер анықталды.

Сонымен, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі» кафедрасы Алматы қаласы мектептерінің базасында педагогикалық практиканы өткізумен жоғары оқу орындарындағы педагогикалық қызметті үйлестіре отырып, математика бойынша мектеп пен жоғары оқу орындарының педагогикалық білім беруі арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Біздің кафедра оқытушылары Алматы қаласының Ыбырай Алтынсарин

атындағы №159 гимназиясында эксперимент өткізді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мақсаты: орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығын жүзеге асыру әдістемесінің тиімділігін тексеру болып табылады.

Зерттеудің міндеттері:

1) критерийлерді, көрсеткіштерді әзірлеу және олардың негізінде оқушылар мен студенттердің математиканы оқуға деген танымдық қызығушылығының қалыптасу деңгейлерін анықтау;

2) мектепте және педагогикалық жоғары оқу орындарында математиканы оқытудың сабақтастығын тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін әдістемелік тәсілдерді нақтылау.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бірнеше кезеңнен тұрады:

1) анықтау-іздену кезеңі (2019–2020 оқу жылы);

2) оқыту-іздену кезеңі (2020–2021 оқу жылы);

3) оқыту-талдау кезеңі (2021–2022 оқу жылы);

4) бақылау-жалпылау кезеңі (2022–2023 оқу жылы).

Эксперимент барысында қорытынды емтихан жұмысы бойынша нақты нәтижелер алынды (20 балдық жүйемен бағаланды).

